

Бекей ордасы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 12 наурыздағы № 15-4 "2014 жылы Бекей ордасы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркесіптік кешен саласындағы мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсету туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Бекей ордасы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 7 қазандағы № 19-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 қазанда № 3652 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бекей ордасы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 21-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бекей ордасы аудандық мәслихатының 27.03.2015 № 21-6 шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроенеркесіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркесіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудан мәлімдеген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркесіптік кешен мамандарына қажеттілікті ескере отырып, Бекей ордасы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бекей ордасы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 12 наурыздағы № 15-4 "Бекей ордасы ауданының ауылдық елді мекендеріне 2014 жылы жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркесіптік кешен саласындағы мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсету туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3487 тіркелген, 2014 жылғы 26 сәуірдегі "Орда жұлдызы" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің кіріспе бөлімі (кіріспе) мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "

АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроОнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудан мәлімдеген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроОнеркәсіптік кешен мамандарына қажеттілікті ескере отырып, Бөкей ордасы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Бөкей ордасы аудандық мәслихатының аппарат басшысы (А. Хайруллин) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бүқаралық аппарат құралдарында ресми жариялануын және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы	С. Қуанышқалиев
Мәслихат хатшысы	Е. Таңатов